Эмитент Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 102-бабы 2-тармағында мазмұндалған өзгерістерді Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпарат орналастыру және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген "Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында акционерлік қоғамның корпоративтік оқиғалары, жылдық қаржылық есептілігі және аудиторлық есептері, акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларының тізімі туралы ақпаратты, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелерінің жиынтық сыйақы мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіппен ақпарат пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бағалы қағаздарды ұстаушыларға хабарлайды.

Астана, 2017 жыл

15. Осы облигациялар шығарылымы «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») төртінші облигациялық бағдарламасының аңдатпасына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

- 5) Облигациялық бағдарламаның аңдатпасын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі:
төртінші облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу 2017 жылғы 30 мамырда жүргізілді, шығарылым Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне F51 нөмірімен енгізілді;
- 6) оның шегінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі:
150 000 000 000 (бір жүз елу миллиард) теңге;
- 7) облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:
Эмитенттің осы облигациялар шығарылымы Эмитенттің төртінші облигациялық бағдарламасы шегінде бесінші шығарылым болып табылады;
- 8) облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегінде әрбір шығарылым бойынша жеке-жеке):

<p>төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі бірінші облигациялар шығарылымы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • облигациялар шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні: 2017 жылғы 30 мамыр; • облигациялар саны және түрі: 30 000 000 (отыз миллион) қамтамасыздандырусыз купондық облигация; • атаулы құны бойынша шығарылым көлемі: 30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге; • орналастырылған облигациялар шығарылымының саны: 30 000 000 (отыз миллион) облигация.
<p>төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі екінші облигациялар шығарылымы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • облигациялар шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні: 2017 жылғы 30 мамыр; • облигациялар саны және түрі: 20 000 000 (жиырма миллион) қамтамасыздандырусыз купондық облигация; • атаулы құны бойынша шығарылым көлемі: 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге; • орналастырылған облигациялар шығарылымының саны: 20 000 000 (жиырма миллион) облигация.
<p>төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі үшінші облигациялар шығарылымы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • облигациялар шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні: 2017 жылғы 11 тамыз; • облигациялар саны және түрі: 8 836 000 (сегіз миллион сегіз жүз отыз алты мың) қамтамасыздандырусыз купондық облигация; • атаулы құны бойынша шығарылым көлемі: 8 836 000 000 (сегіз миллиард сегіз жүз отыз алты миллион) теңге; • орналастырылған облигациялар шығарылымының саны: 8 836 000 (сегіз миллион сегіз жүз отыз алты мың) облигация.
<p>төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі төртінші облигациялар шығарылымы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • облигациялар шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні: 2017 жылғы 11 тамыз; • облигациялар саны және түрі: 8 836 000 (сегіз миллион сегіз жүз отыз алты мың) қамтамасыздандырусыз купондық облигация; • атаулы құны бойынша шығарылым көлемі: 8 836 000 000 (сегіз миллиард сегіз жүз отыз алты миллион) теңге; • орналастырылған облигациялар шығарылымының саны: 8 836 000 (сегіз миллион сегіз жүз отыз алты мың) облигация

<p>төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі бесінші облигациялар шығарылымы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • облигациялар шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні: 2017 жылғы 11 тамыз; • облигациялар саны және түрі: 8 836 000 (сегіз миллион сегіз жүз отыз алты мың) қамтамасыздандырусыз купондық облигация; • атаулы құны бойынша шығарылым көлемі: 8 836 000 000 (сегіз миллиард сегіз жүз отыз алты миллион) теңге; • орналастырылған облигациялар шығарылымының саны: 8 836 000 (сегіз миллион сегіз жүз отыз алты мың) облигация
---	--

17. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1)	Облигациялар түрі:	Қамтамасыздандырусыз купондық облигациялар (бұдан әрі – «Облигациялар»).
2)	бір облигацияның атаулы құны (бір облигацияның атаулы құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның атаулы құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)	1 000 (бір мың) теңге.
3)	Облигациялар саны:	30 000 000 (отыз миллион) облигация.
4)	Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:	30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге.
5)	Облигациялар бойынша сыйақы:	<p>Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы мамандандырылған сауда-саттық (бұдан әрі – «Алғаш өткен сауда-саттық») өткізу қорытындылары бойынша Эмитенттің Алғаш өткен сауда-саттық барысында айқындаған, бірақ жылдық 11%-дан аспайтын алып тастау мөлшерлемесі ретінде айқындалатын болады.</p> <p>Эмитент облигациялар айналымын бастау күні және Алғаш өткен сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған купондық сыйақының жылдық мөлшерлеме мөлшері туралы ақпаратты Эмитенттің www.kdb.kz корпоративтік сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz сайтында жариялайды.</p> <p>Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі Облигациялар айналымының барлық кезеңіне тиянақталған болып табылады.</p>

<p>облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн:</p>	<p>Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялар айналымы басталған күннен бастап басталады. Сыйақыны есептеу Облигациялар айналымының барлық кезеңі ішінде жүргізіледі және Облигациялар айналымының соңғы күні аяқталады.</p>
<p>облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі және (немесе) төлеу күні:</p>	<p>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналымының барлық кезеңі ішінде Облигациялар айналымы басталған күннен бастап әр 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүзеге асырылады.</p> <p>Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімінің жүйесінде тіркелген (Эмитенттің тіркеушісі орналасқан жердің уақыты бойынша) (бұдан әрі - «Тіркеу күні») тұлғаларға төленеді.</p>
<p>облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі және шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу әдісі:</p>	<p>Сыйақы төлеу Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тіркеу күніне Облигация ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша (теңгемен) аудару жолымен жүзеге асырылады.</p> <p>Төлеу күніне арналған сыйақы купондық сыйақының атаулы құны мен жарты жылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі таңбалар саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.</p> <p>Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын бір уақытта төлеу арқылы жүргізіледі.</p>
<p>сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:</p>	<p>Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу барлық айналым мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасын есептеуден жүзеге асырылады.</p>

6)	<p>атаулы құн валютасы, негізгі борыш және (немесе) облигациялар бойынша есептелген сыйақыны төлеу валютасы:</p>	<p>Эмитент барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеу) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты болған кезде теңгемен жүргізіледі.</p> <p>Егер Эмитент тиісті төлеу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алса, онда төлем жүргізу кезінде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлем жүргізу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасы резидентінің пайдасына төлем жүргізу кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p> <p>Айырбастау кезінде туындайтын Эмитент шығыстары Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.</p>
7)	<p>облигацияларды орналастыруды бастау және аяқтау күні:</p>	<p>Облигацияларды орналастыруды бастау және аяқтау күні Облигациялар айналымының басталу күні және сәйкесінше Облигациялар айналымының соңғы күні болып табылады.</p>
8)	<p>облигациялар айналымының басталу күні және облигациялар айналымының мерзімі:</p>	<p>Облигациялар айналымының басталу күні осы андатпаның шарттарына сәйкес Алғаш өткен сауда-саттық күні болып табылады.</p> <p>Облигациялар айналымының мерзімі Облигациялар айналымының басталу күнінен бастап 10 (он) жылды құрайды.</p>
9)	<p>облигациялар айналымы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):</p>	<p>Облигациялар айналымын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асыру жоспарланады.</p>
10)	<p>орналастырылатын облигацияларды төлеу әдісі:</p>	<p>осы шығарылымның Облигациялар төлемі ақшамен жүргізіледі.</p>
11)	<p>облигацияларды өтеу тәртібі:</p>	

	облигацияларды өтеу күні:	Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.
	облигацияларды өтеу шарттары:	<p>Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бір уақытта соңғы купондық сыйақыны төлей отырып, Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Облигация ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша (теңгемен) аудару жолымен Облигациялардың атаулы құны бойынша өтеледі.</p> <p>Егер Эмитент тиісті төлеу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алса, онда төлем жүргізу кезінде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлем жүргізу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасы резидентінің пайдасына төлем жүргізу кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p> <p>Айырбастау кезінде туындайтын Эмитент шығыстары Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.</p> <p>Облигацияларды өтеу орны: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 10-үй («Қазына Тауэр» ғимараты)</p>
	облигацияларды өтеу әдісі:	Негізгі борыштың сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу Облигация ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.
12)	эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер бұл құқық эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімінде көзделсе), егер эмитент органының шешімінде облигацияларды сатып алу құқығы көзделсе, онда осы құқықты іске асыру тәртібі, шарттары мен мерзімі	<p>Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша облигациялар айналымының барлық кезеңі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда өз Облигацияларын сатып алуға құқылы.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі, шарттары мен мерзімі Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен айқындалады.</p> <p>Сатып алынған Облигациялар өтелді деп саналмайды және оны Эмитент қайтадан өткізе</p>

<p>көрсетіледі:</p>	<p>алады.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу Облигациялар сатып алынатын Облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкелмеуі тиіс.</p> <p>«Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі қағидаларына сәйкес, Эмитент орналастырылған Облигациялардың саны туралы ақпаратты (сатып алынғандарды шегергенде) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға ашады.</p> <p>Облигациялар айналымының барлық кезеңі ішінде Эмитент Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигациялардың күшін жою мақсатында оларды сатып алуға (бұдан әрі – «Күшін жою мақсатында сатып алу») құқылы.</p> <p>Егер Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдаса, Эмитент Директорлар кеңесі мұндай шешімді қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың Өкіліне хабарландыру, сондай-ақ Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Облигация ұстаушыларды хабарлайды. Хабарландыру Облигациялардың күшін жою мақсатында сатып алу тәртібінің, шарттарының сипаттамасын және жүргізілетін күнге нұсқауды қамтуы тиіс.</p> <p>Облигациялардың күшін жою мақсатында сатып алу Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Облигациялардың күшін жою мақсатында Сатып алу күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде сатып алу күніне жинақталған сыйақыны бір уақытта теңгемен төлей отырып, Облигациялардың атаулы құны немесе әділ нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады. Облигациялардың күшін жою мақсатында Сатып алу кезінде Эмитенттің Директорлар кеңесі бекіткен күшін жою мақсатында Сатып алу күнінен бұрынғы күннің басындағы жағдай бойынша Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалар Облигациялардың атаулы құнын немесе әділ нарықтық құнын және жинақталған купондық сыйақыны алуға құқылы.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу</p>
----------------------------	--

		<p>Облигациялар сатып алынатын Облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкелмеуі тиіс.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, онда Облигациялар бойынша атаулы құнды немесе әділ нарықтық құнды және жинақталған сыйақыны төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты болған кезде теңгемен жүргізіледі.</p> <p>Егер Эмитент тиісті төлеу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алса, онда төлем жүргізу кезінде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлем жүргізу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасы резидентінің пайдасына төлем жүргізу кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p> <p>Айырбастау кезінде туындайтын Эмитент шығыстары Облигацияларды ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу немесе күшін жою мақсатында Сатып алу туралы шешім қабылдауы Облигацияларды ұстаушыда Эмитентке өзіне тиесілі Облигацияларды сату міндеттемесінің пайда болуына себепкер болмайды.</p> <p>Егер Эмитент барлық Облигацияларды бағалы қағаздардың қайталама нарығында сатып алса, онда Директорлар кеңесі Облигациялар шығарылымының күшін жою туралы шешім қабылдайды.</p>
13)	<p>облигациялар бойынша қамтамасыздандыру (ипотекалық және өзге қамтамасыздандырылған облигациялар шығарылымы кезінде):</p> <p>қамтамасыздандыру құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық қатынасы;</p> <p>кепілге салынатын зат,</p>	<p>Бұл облигациялар шығарылымы қамтамасыздандырылмаған болып табылады.</p>

	<p>оның құны және кепілге салынатын затты өндіріп алу тәртібі -</p> <p>қамтамасыздандырылған облигациялар шығарылымы кезінде;</p> <p>облигацияларды қамтамасыздандыру туралы шарттың талаптары;</p> <p>кепілдік берген екінші деңгейдегі банктің деректері, кепілдік атауын, орналасқан жерін, мерзімі мен талаптарын көрсету (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе):</p>	
14)	<p>концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары - инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымы кезінде:</p>	<p>Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.</p>

18. Төлемі Эмитенттің бұрын шығарған облигациялары бойынша талап ету құқықтарымен жүргізілетін, айналдыру мерзімі өтіп кеткен облигациялар шығарылымы кезінде осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:

Облигациялар талап ету құқықтарымен төленбейді

Айырбасталатын облигациялар шығарылымы кезінде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1)	<p>облигациялар, мұндай акциялар бойынша құқықтар айырбасталатын акциялардың түрі, орналастыру саны және бағасы:</p>	<p>Бұл шығарылымның облигациялары айырбасталмайтын болып табылады</p>
2)	<p>облигацияларды айырбастау тәртібі және шарттары (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталса, онда облигациялар айырбастау аяқталған күннен бастап бір ай ішінде күшін жоюға жататындығы көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, онда осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастыруға</p>	<p>Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайтын болып табылады</p>

	жатпайтындығы, сондай-ақ айналдыру мерзімінің соңында өтелетіндігі көрсетіледі):	
19. Облигация ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер		
1)	облигация ұстаушылар өкілінің толық және қысқаша атауы	Толық атауы: «Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы Қысқаша атауы: "Halyk Finance" АҚ
2)	облигация ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары	A05A1B9, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғ., 109 "B", 5-қабат Тел.: +7 (727) 357-31-77
3)	эмитенттің облигация ұстаушылардың өкілімен жасаған шартының күні мен нөмірі	Облигация ұстаушылардың мүддесін білдіру туралы 2017 жылғы 18 мамырдағы № 119/17 шарт және Облигация ұстаушылардың мүддесін білдіру туралы 2017 жылғы 18 мамырдағы № 119/17 шартқа 2017 жылғы 03 тамыздағы № 1 қосымша келісім
20. Төлем агенті туралы мәліметтер (егер бар болса)		
1)	төлем агентінің толық және қысқаша атауы:	Эмитент сыйақы төлеуді және Облигациялар өтеуді төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай дербес жүзеге асырады.
2)	төлем агентінің орналасқан жері, байланыс телефондары:	
3)	эмитенттің төлем агентімен жасаған шартының күні мен нөмірі:	
21. Эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және одан табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйым туралы мәліметтер		
1)	облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және одан табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқаша атауы	Толық атауы: "Казкоммерц Секьюритиз" акционерлік қоғамы ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы) Қысқаша атауы: "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ
2)	облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және одан табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары	Заңды мекенжайы: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 34 Нақты мекенжайы: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Фурманов көш., 240 Г, "CDC One" бизнес-орталығы, 11-қабат Тел.: +7 (727) 244-65-05
3)	эмитенттің облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және одан табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен жасаған шартының күні мен нөмірі	Қаржы консультанты және андеррайтер қызметтерін көрсету туралы 2017 жылғы 18 мамырдағы № 06-14 шарт

22. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар, соның ішінде:

- осы аңдатпада көзделген тәртіп пен мерзімде Облигациялардың атаулы құнын алу құқығы;
- осы аңдатпада көзделген тәртіп пен мерзімде тиянақталған сыйақы алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- осы аңдатпада белгіленген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуды мәлімдеу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.

Облигация ұстаушылар «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 02 шілдедегі № 461- II Заңының 18-4-бабында көзделген жағдайларда Эмитенттен өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 02 шілдедегі № 461- II Заңының 18-4-бабына сәйкес, Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды мынадай жағдайларда жүзеге асыруы тиіс:

- Эмитент органы Облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған кезде (№1 жағдай);
- қор биржасының уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен тізбесі айқындалған ақпарат беруді бөлігінде арнайы (листинг) талаптарын орындамау себебінен қор биржасының Эмитент Облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған кезде (№2 жағдай);
- Эмитент Облигация ұстаушылардың бұрынғы өкілімен жасалған шартты бұзған немесе тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен асатын мерзімде Облигация ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған кезде (№3 жағдай).

Көрсетілген жағдайлар басталған кезде, Эмитент жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың атаулы құнына сәйкесетін баға немесе қай шама ең жоғары болатындығына қарай Облигациялардың әділ нарықтық құны бойынша орналастырылған Облигацияларды сатып алуға міндетті.

Көрсетілген жағдайлардың бірі туындаған немесе осы тармақта көрсетілген шарттардың кез келгені бұзылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитент Облигация ұстаушылардың өкілін хабардар ету (№3 жағдай басталған кезде Облигация ұстаушылардың өкілі болмауына байланысты хабардар етілмейді), сондай-ақ Эмитенттің www.kdb.kz/ ресми сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz ресми сайтында және Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми сайтында хабарлама орналастыру арқылы мұндай факті туралы Облигация ұстаушыларға хабарлайды, соның ішінде:

- Эмитент Облигацияларын сатып алуға әкелетін жоғарыда аталған жағдайлардың қайсысы орын алатындығы туралы ақпарат;
- Эмитентке қойылатын талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигация ұстаушылардың ықтимал әрекеттерін аудару;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат.

Сыйақы мен негізгі борышты төлеу ақшамен жүргізіледі.

Облигация ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік балама немесе өзге мүліктік құқықтар алу құқығы көзделмеген.

23. Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

<p>1)</p>	<p>эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:</p>	<p>Дефолт - Эмитент облигациялары бойынша міндеттемелерді орындамау.</p> <p>Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиға басталған кезде – Эмитенттің негізгі борыш сомасын және (немесе) Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін осы аңдатпада көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімінде ішінара немесе толық орындамауы.</p> <p>Дефолтқа Эмитенттің осы аңдатпада белгіленген кез келген шектеулердің (ковенанттардың) бұзушылығы теңестіріледі.</p>
<p>2)</p>	<p>эмитенттің облигациялар бойынша дефолт басталған кезде қолданатын шаралары, соның ішінде облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары:</p>	<p>Эмитенттің Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын және (немесе) купондық сыйақы төлеу міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауына байланысты Облигациялар бойынша дефолт басталған кезде, Эмитент осы аңдатпада көзделген мерзімде Облигация ұстаушылардың пайдасына ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне (яғни төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі тұрғысынан есептелетін әрбір мерзімі өткен күн үшін өсімпұл есептеу мен төлеуге міндетті.</p> <p>Эмитент, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болса, осы аңдатпа бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау жауапкершілігінен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайы ретінде болжауға немесе алдын алуға болмайтын мән-жайлар түсіндіріледі (табиғи құбылыс, әскери қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеулі сипаттағы актілері және т.б.). Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде Эмитенттің осы аңдатпа бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі мұндай мән-жайлар немесе олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне мөлшерлес мерзімге жылжытылады.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталған кезде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, соның ішінде Облигацияларды ұстаушыға оның беретін құқықтарын есепке ала отырып, Эмитенттің уәкілетті органы қабылдайды. Эмитент Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда, Облигация ұстаушылар өкілінің</p>

		<p>міндетті қатысуымен келіссөздер жүргізу жолымен міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Облигация ұстаушылармен ескереді.</p>
<p>3)</p>	<p>эмитенттің облигация ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелер көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің тізбесі, облигация ұстаушылардың эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында эмитент міндеттемелері бойынша ортақ немесе біріккен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талаппен жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты мәлімдеу тәртібі, мерзімі және әдістері:</p>	<p>Облигациялар бойынша дефолт Оқиғасы басталған кезде, Эмитент дефолт Оқиғаларын жоюға және Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз етуге күш салады. Дефолт Оқиғасы басталған кезде, Эмитент Облигация ұстаушыларға осындай сипаттағы ақпарат үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларында көзделген мерзімде, Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі талаптарымен белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.kdb.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) ресми сайттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында хабарландыру орналастыру арқылы Дефолт оқиғасы туралы хабарлайды. Хабарландыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> i. дефолт фактісі туралы ақпаратты; ii. дефолт туындаған күніне Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі; iii. Дефолт оқиғасының туындауына әкелген міндеттемелерді орындамау себептері; iv. Облигация ұстаушылардың Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің тізбесі; v. Эмитент Дефолт оқиғасын жою үшін қолданған немесе қолданатын шараларды; vi. Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты қамтуы тиіс. <p>Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу бойынша тапсырма көзделмеген.</p> <p>Дефолт оқиғасы басталған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде (бұдан әрі – «Кейінге қалдыру кезеңі») Эмитенттің тиісті органы Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Дефолт оқиғасын жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуі және бекітуі керек, ал Эмитент көрсетілген іс-шаралар жоспарына сәйкес Дефолт оқиғасын жою үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға міндетті.</p> <p>Егер Кейінге қалдыру кезеңі өткен соң Эмитент Дефолт оқиғасын жоймаса, онда Кейінге қалдыру кезеңі өткеннен кейінгі жұмыс күні Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу</p>

	<p>туралы шешім қабылдауға міндетті.</p> <p>Эмитент Облигация ұстаушыларға Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларында көзделген мерзімде, Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі талаптарымен белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.kdb.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) ресми сайттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайтында ақпараттық хабарландыру орналастыру жолымен облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауы туралы Эмитенттің Директорлар кеңесі осындай шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі және ақпараттық хабарландыру мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 3) Облигация ұстаушылар Эмитенттің өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуы туралы жазбаша талап қоятын мекенжай; 4) Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптарда қамтылуға тиісті мәліметтердің тізбесі, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Облигацияларды сатып алуға қойылатын сан, сатып алу туралы жазбаша талап қойған тұлғаның банк шотының деректемелері. <p>Эмитенттің Облигация ұстаушылары Эмитенттің, «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайттарында Эмитент ақпараттық хабарландыру жариялау күнінен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өзіне тиесілі Облигацияларды жинақталған купондық сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың атаулы құнына сәйкесетін бағамен сатып алу туралы жазбаша талап қояды.</p> <p>Эмитент Облигация ұстаушылардан жазбаша талаптар немесе Облигациялар бойынша сатып алу туралы талап ету құқықтарын қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша талап қойған тұлғалардан Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.</p> <p>Өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап қоймаған Облигация ұстаушылар осы шарттарда көрсетілген олардың жүгіну мерзімдері аяқталғаннан кейін өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.</p>
--	--

		Егер Дефолт оқиғасы Облигациялар айналымының мерзімі аяқталғаннан кейін және Кейінге қалдыру кезеңінде басталған кезде Эмитент Дефолт оқиғасын жоймаса, онда ЭмитентКейінге қалдыру кезеңінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Кейінге қалдыру кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитент тіркеушісі тіркеген Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың банк шоттарына ақша аудару жолымен Облигациялар бойынша талап ету құқықтары бойынша міндеттемелерді өтеуге міндетті.
4)	эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында эмитент міндеттемелері бойынша ортақ немесе біріккен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен жасалатын шарттардың күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі (егер мұндай тұлғалар бар болса):	эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында эмитент міндеттемелері бойынша ортақ немесе біріккен жауапкершілік көтеретін тұлғалар - жоқ.

24. Эмитент қабылдайтын және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңында көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының шешімімен көзделсе).

Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар):	<ul style="list-style-type: none"> • Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілік ұсыну мерзімдерінің бұзушылығына жол бермеу; • Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген Эмитенттің жылдық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімдерінің бұзушылығына жол бермеу.
шектеулердің (ковенанттар) бұзушылығы кезінде эмитент пен облигацияларды ұстаушы әрекеттерінің тәртібі:	осы аңдатпаның 10-тармағы 1) тармақшасына сәйкес Эмитенттің белгіленген шектеулердің (ковенанттар) кез келгенін бұзуы дефолтқа теңестірілсе, Эмитент пен Облигация ұстаушылар әрекеттерінің тәртібі осы аңдатпаның 10-тармағымен реттеледі.

25. Егер опциондар эмитент облигацияларын сатып алуға мүмкіндік берсе, опционды жасау шарттарын көрсете отырып, опциондар туралы ақпарат.

Опциондар көзделмеген.

26. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әр кезеңі тұрғысынан сыйақы төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағынының болжамы.

Эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағынының болжамы осы андатпаға 1-қосымшада келтірілген.

27. Облигацияларды орналастырудан алынатын ақшаны пайдалану.

1)	эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдалану мақсаты мен тәртібі:	Облигацияларды орналастырудан алынатын қаражат Эмитенттің несие-инвестициялық қызметін қаржыландыруға бағытталатын болады. Купондық сыйақыны және атаулы құнды өтеу Эмитенттің несие-инвестициялық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде алған қаражатынан жүргізіледі.
2)	алынған ақшаны жоспарланатын бөлуге өзгерістер енгізуі мүмкін шарттар, мұндай өзгерістерді көрсету:	Эмитент Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны жоспарланатын бөлуге өзгерістер енгізуі мүмкін шарттарды көздемейді.
3)	инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымы кезінде облигация ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттың талаптарына сәйкес оның қызметтерін төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі:	осы шығарылым Облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды

Басқарма Төрағасы



Б.Б. Жәмішев

1-қосымша. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әр кезеңі тұрғысынан сыйақы төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағынының болжамы.

Атаулы құн бойынша сыйақы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу Эмитенттің меншікті қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін болады. Эмитент әрбір кезең бойынша негізгі қызмет түрінен алынатын түсімдер сомасы негізгі борышты өтеу және міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатынын есепке алады.

Төменде Облигациялар айналымының кезеңіне Эмитенттің ақша ағынының (миллиард теңгемен) болжамы келтірілген ¹:

Күні	2018 жылғы 1-жартыжылдық	2018 жылғы 2-жартыжылдық	2019 жылғы 1-жартыжылдық	2019 жылғы 2-жартыжылдық	2020 жылғы 1-жартыжылдық	2020 жылғы 2-жартыжылдық	2021 жылғы 1-жартыжылдық	2021 жылғы 2-жартыжылдық	2022 жылғы 1-жартыжылдық	2022 жылғы 2-жартыжылдық	2023 жылғы 1-жартыжылдық
Депозиттер	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Несие портфелі бойынша ағын жиыны	162	132	124	160	112	113	123	112	215	112	96
Қарыз портфелі бойынша ағын жиыны	- 84	- 71	- 104	- 329	- 95	- 59	- 71	-62	- 119	- 477	- 49
Ағымдағы инвестициялық портфель бойынша ағын жиыны	87	6	8	13	7	50	5	4	10	11	4
Өзге активтер бойынша түсім жиыны	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
ОАР, КПН және ОС және НМА сатып алу бойынша ағын	- 7	- 8	- 8	- 8	- 8	- 8	- 1	-	-	-	-
Түсім жиыны	331	157	135	179	122	176	131	120	229	122	100
Ағын жиыны	- 173	- 97	- 115	- 343	- 106	- 80	- 75	- 66	- 123	- 477	- 49
ТАЗА ГЭП - ПОЗИЦИЯ	267	327	348	183	199	295	351	405	457	102	153
КУМУЛЯТИВТІК ҚАЛДЫҚ (+)/АЛШАҚТЫҚ (-)	470	530	551	386	403	499	554	609	660	305	356

¹ Болжам 2017 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша жасалды

Жалғасы

Күні	2023 жылғы 2- жартыжылд ық	2024 жылғы 1- жартыжылд ық	2024 жылғы 2- жартыжылд ық	2025 жылғы 1- жартыжылд ық	2025 жылғы 2- жартыжылд ық	2026 жылғы 1- жартыжылд ық	2026 жылғы 2- жартыжылд ық	2027 жылғы 1- жартыжылд ық	2027 жылғы 2- жартыжылд ық	2028 жылғы 1- жартыжылд ық	2028 жылғы 2- жартыжылд ық
Депозиттер	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Несие портфелі бойынша ағын жиыны	115	70	71	67	41	38	42	42	20	1	1
Қарыз портфелі бойынша ағын жиыны	- 54	- 32	- 72	- 36	- 19	- 111	- 20	-	-	-	-
Ағымдағы инвестициялық портфель бойынша ағын жиыны	6	4	9	4	56	1	2	1	1	1	1
Өзге активтер бойынша түсім жиыны	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
ОАР, КПП және ОС және НМА сатып алу бойынша ағын	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Түсім жиыны	122	74	80	71	97	39	44	43	21	2	2
Ағын жиыны	- 54	- 32	- 72	- 36	- 19	- 111	- 20	-	-	-	-
ТАЗА ГЭП - ПОЗИЦИЯ	221	263	271	306	384	312	336	379	399	429	430
КУМУЛЯТИВТІК ҚАЛДЫҚ (+)/АЛШАҚТЫҚ (-)	424	467	474	509	588	516	540	583	604	633	635

Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақша қаражаты ағындарының болжамы дұрыс немесе дәл болмауы мүмкін және барлық экономикалық және саяси шарттарды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық мөлшерлемелерінің өзгерістерін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасының түсіндірмесін қайта қарауды қоса алғанда), сот және төрелік талқылау нәтижелерін, пайыз мөлшерлемелерінің өзгерістерін, айырбастау бағамын және басқа да нарық жағдайларын қоса алғанда, түрлі факторларға қарай өзгертуге жататын болжамдарға, бағалауларға немесе әдістерге байланысты.

Эмитент жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың немесе өзге негіздемелердің пайда болу салдарынан осы қосымшада ашып көрсетілетін қандай да бір болжам деректерін жаңарту үшін осы аңдатпаға өзгерістер енгізуге міндетті емес және енгізуге ниет білдірмейді.

«Қазақстанның даму банкі» АҚ
«НК разраб.» на Қазақстана»
ТІГІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН
ПРОШНУРОВАНО, ПРОИЗМЕРОВАНО



«Қазақстанның даму банкі» АҚ
Түркістан облысының мемлекеттік мекемесі
Түркістан облысының мемлекеттік мекемесі
2019 ж. « 12. 12 »